

Әлеуметтік педагог жұмысына талдау 2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылында мектептегі әлеуметтік қолдау қызметі бойынша 1 – әлеуметтік педагог қызмет атқарады.

Оқу жылының басында әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары, нормативтік – құқықтық құжаттар базасы жинақталып, мектептің әлеуметтік төлқұжаты әзірленді.

Мектептің 2023 – 2024 оқу жылы бойынша әлеуметтік төлқұжаты төмендегідей мәлімденді:

- 1 Оқушылардың жалпы саны - 67
Оның ішінде ұл бала саны - 25
Қыз бала саны - 42
- 2 Толық отбасы саны - 62
Ондағы бала саны - 106
- 3 Толық емес отбасы саны - 5
Ондағы бала саны - 6
- 4 Жетім балалар - 0
Ата-ана қамқорлығынсыз - қалған балалардың саны - 0
- 5 Жартылай жетім балалар саны - 0
Әкесі қайтыс болған - 0
Анасы қайтыс болған - 0
- 6 Аз қамтылған отбасы - 0
Ондағы балалар саны
- 7 АӘК алатын отбасы - 0
ондағы бала саны - 0
- 8 Көпбалалы отбасы - 12
Ондағы бала саны - 52
- 9 Өгей әкемен тұратын отбасы - 0
Ондағы бала саны - 0
- 10 Өгей анамен тұратын отбасы - 0
Ондағы бала саны - 0
- 11 Ерекше білімді қажет ететін балалар - 0
Үйден оқитын балалар:
- 12 Полиция бөлімінде есепте тұрған отбасы - 0
Ондағы бала саны (мектеп жасындағы) - 0
- 13 Полиция бөлімінде есепте тұрған оқушылар - 0
Мектепшілік есепте тұрған оқушылар - 0
- 14 Тәуекел тобындағы (намаз оқитын немесе ата-анасы діни көзқарастағы) оқушылар - 0
Мектеп формасын сақтамайтын оқушылар - 0
Террористік белсенді аймақтардан келген оқушылар - 0

Тамыз айының жоспары бойыншы мектебімізде «Мектепке жол» дәстүрлі жалпыреспубликалық қайырымдылық акциясы өтті. Акция негізінде ауылдық округі әкімдігі көмегімен «Қазақойл» акционерлік қоғамы 20 оқушыға мектеп сөмкесі мен оқу құралдарын алып берді. Сонымен қатар осы акция негізінде аудандық кәсіподақ ұйымы мектептің кішіқызметкерінің баласына 1 мектеп сөмкесін, ал ауыл азаматы Мустафин Сағынғали 2 көпбалалы отбасына мектеп сөмкесін алып берді.

Максаты: Әлеуметтік қорғауды қажет ететін отбасынан шыққан балаларға көмек көрсету.




Биылғы жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылы 26 қарашадағы жарлығымен 2023 – 2024 оқу жылынан бастап 1-4 оқушыларына тегін ыстық тамақ ұйымдастыру тапсырмасы барысында қыркүйек айынан бастап мектебіміздің

1-4 кластарында білім алатын 37 оқушы қамтылды. Ал, екінші тоқсаннан бастап бастауыш сыныптағы екі оқушының басқа мектепке ауысуына байланысты барлығы 35 оқушы тамақ ішеді.

I ауысымда 10.25 – 10.45 уақыт аралығында 16 оқушы,

II ауысымда 15.35 – 15.55 уақыт аралығында 19 оқушы тамақ ішеді.



Мектептегі қиын және құқықбұзуға бейім балаларды анықтау, есепке алу, қолайсыз отбасыларды анықтау мақсатында «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдан-алу» тақырыбында мектеп әкімшілігі мен полиция аға лейтенанты Ингербаев Нұржан оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



Мектебімізде волонтер ұйымының оқушылары «FAST FOOD» жәрмеңкесін ұйымдастырып «Мейірімділік ошағы» акциясы бойынша қаражат берілген болатын. Қаражат әлеуметтік педогогқа тапсырылып, жағдайы төмен оқушыға спорт киімін алып берген болатын. Жәрмеңкеден түскен қаражаттың 50% жағдайы төмен оқушыларға немесе отбасыға жұмсалды. Екінші Тәп –тәтті жәрмеңкесі де ұйымдастырылып, 50% оқушылардың өздеріне, 50% мектепке сөре алынған болатын.

Мақсаты: Оқушыларды кішіпейілділікке, тәрбиелік құндылықтарға дәріптеу.



Мектебіміздегі 1-4 класс оқушыларына тегін тамақтандыруды бойынша перспективалық мәзірдің бір мәрте тамақтану нормаларын ұйымдастыру мақсатында асхана жұмысына тексеріс жұмыстары жүргізілді.

Тексерудегі мақсат:

- Асхана жұмысын жетілдіру, балалардың дұрыс тамақтануын қамтамасыз етуді жүзеге

асыру.

Мектеп асханасына бракеражды комиссия мүшелері тексеріс жұмыстарын жүргізді.

- Комиссия мүшелерінің айтуынша балалардың дұрыс тамақтанып, сапалы болуы ең маңызды мәселе.
- Мектеп асханасының жұмысында әр мәзірінен бастап оның құрамы, қызмет сапасы, тазалығы, ауыз суы, азық - түлік тұратын қойма, ішкі тазалық, тамақтың талапқа сай берілуі бойынша бақылау өз жалғасын табады.




Желтоқсан айының 27-і күні мектебімізде оқушыларға арналған жаңа жылдық іс-шаралар өтті. Бұл шараға аудан әкімі атынан 8 қонбалалы отбасы балалары мен дарынды оқушыларға сыйлықтар таратылды. Негізінен бұл үрдіс жыл сайын аудан орталығында өтетін еді. Биыл ауа-райының қолайсыздығына байланысты мектеп ғимаратында өткен мерекелік шарада табысталды.

Сонымен қатар, округ әкімі де жаңа жыл мерекесі құрметіне мектепте оқитын шағын орталық тобынан бастап 9-сынып оқушыларына дейін барлығы 114 балаға сыйлық таратты. Мұндай сыйлыққа ие болған оқушылар да, олардың ата-аналары да әкімге алғыстарын айтып, риза болысты.



Жоспар бойынша жоғары сынап арасында «Буллинг дегеніміз?» атты семинар-тренингі өтті. Шара барысында «Буллинг дегеніміз не?» түсініктеме беріліп, тақырыптың маңыздылығы ашылды. Оқушылармен «Сен не сезінер едің?» атты шағын пікірталас жүргізілді. Негізгі бөлімде «Бала көңілі – кішкентай әлем» атты бейнеролик көрсетілді. Сонымен қатар, «Қауіпсіз орта» атты тренинг-жаттығу өткізілді: Рөлдік ойындар арқылы буллинг жағдайлары сахналанды. Қиын жағдайда не істеу керектігі бойынша топтық тапсырмалар берілді. "Қолдау шеңбері", "Сенім ағашы" атты жаттығулар арқылы оқушылар бір-біріне жылы сөздер айтты. Қорытынды бөлім барысында «Сенімді адам» бұрышы ұсынылды (оқушылар кімге көмек сұрап бара алатынын жазды). Қатысушылар өз пікірлерін жазды. Тренингтің рефлексиясы жүргізілді («Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі қолданылды). Шараның мақсаты: Буллинг ұғымын түсіндіру, оның түрлері мен зардабын ұғындыру, оқушылар арасында төзімділік, бір-біріне деген құрмет, ынтымақтастық қасиеттерін қалыптастыру. Мектеп ішінде қауіпсіз және қолайлы орта құруға ықпал ету.



Оқушылар арасында «Тиімді тамақтану деңгейі» тақырыбында өткізілген сауалнама жүргізілді. Сауалнама 10–15 сұрақтан тұрды. Онда тамақтану режимі, мектептегі ыстық тамақ, фастфуд өнімдерін пайдалану т.б сұрақтар төңірегінде сұрақтар қамтылды. Соған сәйкес нәтижелер шығарылған нәтижелердің басым бөлігінен тиімді тамақтану ережелерін толық сақтамайтыны анықталды. Әсіресе таңғы асты ішпеу, тәтті, фастфуд өнімдеріне әуестік, суды аз ішу, көкөніс пен жемісті аз қолдану байқалады. Бұл оқушылардың денсаулығына, оқу үлгеріміне және жалпы физикалық дамуына теріс әсер етуі мүмкіндігіне байланысты оқушылар мен ата-аналар арасында "Тиімді тамақтану – салауатты өмір салтының негізі" атты түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру, денсаулық күні дұрыс тамақтануға арналған апталықтар ұйымдастыру, медициналық қызметкермен бірлесе отырып, салмақ-бой көрсеткіштерін тексеру, газдалған сусындар мен зиянды тағамдарға қарсы челлендж ұйымдастыру шараларын өткізу алдағы күндердің жоспарына енгізілді.



«1 маусым- халықаралық балаларды қорғау күні» балалардың көңіл-күйін көтеруге мерекелік концерт ұйымдастырылды. Концерттік бағдарламаға мектеп оқушылары мен шағын орталық, МАД тәрбиеленушілері қатыстысты. Ұйымдастыршылар балаларға түрлі ойындар ойнатып, ән айтқызып, би билетті. Шара соңында Батпақкөл селолық округының әкімі Бокашев Мейрамбек Маратұлы «Қазақойл» акционерлік қоғамы демеушілігімен шағын орталық және мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілеріне барлығы – 49 сыйлық таратты. Сонымен қатар, «Гүлсая», «Назар» дүкендерінің иелерінің әрқайсысы 100 балмұздақтан таратты.



Маусым айының 03-05 күндері аралығында көпбалалы отбасынан шыққан және дарынды оқушылар арасынан 2 білім алушы Ақтөбе қаласында ұйымдастырылған «Талант тур» мәдени ағартушылық танымдық жобасына барып келді.

5-14 маусым күндері мектебіміздің 5-9 сынып оқушылары арасынан 3 оқушы қала сыртындағы «Шұғыла» лагеріне барып демалып келді.

Округ әкімінің қолдауымен 5-16 маусым аралығында көпбалалы және толық емес отбасынан 2 оқушы қала сыртындағы «Нефтяник» лагеріне барды.

"Туған елге саяхат" жобасы аясында 20-27 шілде аралығында төтенше жағдай салдарынан зардап шеккен (су тасқынына байланысты) көпбалалы отбасынан шыққан 1 білім алушы әкекурсияға барды.



Мектеп директоры:

Абишева Г.К.

